

5B010400 – БАСТАПҚЫ ӘСКЕРИ ДАЙЫНДЫҚ МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

1. Оқу бағдарламасының мақсаты – 5B010400 - Бастапқы әскери дайындық мамандығы бойынша жоғары білікті, жоғары әлеуметтік және азаматтық жауапкершілікке ие және төмендегідей бағыттар бойынша кәсіби іс-әрекетті жүзеге асыратын мамандарды дайындау:

- оқушы тұлғасын жан-жақты дамуын қалыптастыру және тәрбиелеу;
- бастапқы әскери дайындық саласында жүйеленген білімді қалыптастыру;
- бастапқы әскери дайындықты оқыту үдерісін заманауи-ғылыми деңгейде ұйымдастыру;
- ғылыми-зерттеулер жүргізу.

Білім беру бағдарламасының негізгі міндеттері:

- болашақ бастапқы әскери дайындығы пәнінің мұғалімдерін қоғамның әлеуметтік тапсырысына және білімнің әлемдік стандартына сәйкес сапалы кәсіби дайындықпен қамтамасыз ету;
- болашақ бастапқы әскери дайындығы мұғалімдерінің негізгі басым құзыреттіліктерінің жүйесін және жалпы ғылыми, арнайы білімдік дағдылары мен шеберліктерін қалыптастыру;
- тұлғалық, тәни, рухани және интеллектуалды өзіндік дамудың жолдарын, психологиялық сауатын, ойлану мәдениетін және мінез-құлқын қалыптастыру.

2. 5B010400 – Бастапқы әскери дайындық мамандығы бойынша түлекте білім беру бағдарламасын меңгеру нәтижесінде қалыптасатын құзыреттіліктер

Білім беру бағдарламасы мақсат-міндеттерін жүзеге асыруға қол жеткізу келесі құзыреттіліктерді қалыптастыруға мүмкіндік береді:

- *жалпымәдени;*
- *кәсіби;*
- *пәндік.*

2.1 Жалпымәдени құзыреттіліктер түлек үшін төмендегідей сипаттарға ие:

2.1.1 өзінің тұлғалық даму мақсаттарын қалыптастыруға және шынайы бағалауға қабілетті, сондай-ақ, оқушылардың зияткерлік даму деңгейін арттыру дағдыларын игерген;

2.1.2 әлеуметтік, гуманитарлық және экономикалық ғылымдардың негізгі әдістері мен ережелерін әлеуметтік және кәсіби міндеттерді шешуде қолдануға дайын;

2.1.3 ана тілінде өз ойын жүйелі түрде және сауатты *жеткізетін*, қазақ (орыс) және шет тілінде көпшілік алдында сөйлеуде және ғылыми мәтінмен жұмыс істеуде қажетті ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын *игерген*;

2.1.4 шет тілінен білімін қарым-қатынас жасау және арнайы мәтінді түсіну үшін *қолданады*;

2.1.5 ақпараттарды қабылдау, сақтау, өндеудің негізгі әдістерін, тәсілдерін және құралдарын *қолданады*, ауқымды компьютерлік желідегі компьютермен жұмыс істеу *дағдылары бар*;

2.1.6 әлеуметтік өзара әрекеттестік құруда білім беру үдерісіне қатысушылардың этно-мәдени және конфессионалдық ерекшеліктерін ескеруге *қабілетті*;

2.1.7 адамгершілік нормасы мен өнегелі мінез-құлық негіздерін *меңгерген*;

2.1.8 ғылыми зерттеуді ұйымдастыру ұстанымдарын, ғылыми білімге қол жеткізу мен құру тәсілдерін *жете түсінеді*;

2.1.9 дене тәрбиесі мен денсаулықты нығайту әдістері мен құралдарын *қолдана алады және* толыққанды әлеуметтік кәсіби қызметті қамтамасыз ету үшін дене мәдениетін жетілдіруге *дайын*.

2.2 Кәсіби құзыреттіліктер түлек үшін төмендегідей сипаттарға ие:

2.2.1 оқу-тәрбие үдерісін *модельдей алады* және оқыту тәжірибесінде оны жүзеге асыруға *дайын*;

2.2.2 психологиялық және психофизиологиялық дамуының жалпы, арнайы (әртүрлі ауытқушылық типтері) заңдылықтары мен жеке ерекшеліктерін, әртүрлі жастағы адам әрекеті мен мінез-құлқын реттеу өзгешеліктерін есепке алу құралдарын *қолдана алады*;

2.2.3 психологиялық және педагогикалық зерттеулерде сапалық және сандық әдістерді *қолдануға дайын*;

2.2.4 әртүрлі жастағы балалардың әрекеті, қарым-қатынасы, дамуының диагностикалық әдістерін *пайдалануға дайын*;

2.2.5 білім берудің әртүрлі деңгейіндегі білім алушыларға арналған бағдарламалардан, оқыту, тәрбиелеу және дамытудың әртүрлі теорияларынан алған білімдерін *қолдануға дайын*;

2.2.6 балалардың әралуан әрекет түрлерін *ұйымдастыруға дайын*;

2.2.7 білімдік ортада субъектілердің бірлескен қызметі мен тұлғааралық өзара әрекеттестікті ұйымдастыру әдістерін *меңгерген*;

2.2.8 мамандықтың жоғары әлеуметтік маңызын *түсінеді*, кәсіби этикалық ұстанымдарды *сақтайды*

2.2.9 қоғамның әлеуметтік-мәдени құрылымының ерекшеліктерін ескере отырып, көпмәдениетті ортада кәсіби әрекетті ұйымдастыру тәсілдерін, сондай-ақ, ұлттық тәрбиенің заңдылықтары мен принциптерін *меңгерген*;

2.2.10 кәсіби міндеттерді шешуде мамандардың пәнаралық және салааралық өзара әрекеттестіктеріне қатысуға *қабілетті*;

2.2.11 кәсіби қызметінде бала құқығы мен мүгедектер құқығы туралы негізгі халықаралық және отандық құжаттарды *қолдануға дайын*;

2.2.12 сыни ойлау әдістемесімен *иеленеді*;

2.2.13 инклюзивті білімнің құндылығын және көзқарасымен *бөліседі*;

2.2.14 өзгермелі еңбек нарығына бейімделуі және белсенді де жауапты азамат болып қалыптасуы үшін нәтижеге және мобильділікке бағытталған білім алуға қабілетті.

2.3 Пәндік құзыреттіліктер түлек үшін төмендегідей сипаттарға ие:

2.3.1 Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің, Қазақстан Республикасы төтенше жағдайлар министрлігінің, Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау министрлігінің мүдделі ұйымдары және кәсіпорындарымен тығыз іскер байланыстарды орнатуға *қабілетті*;

2.3.2 оқушыларға Отанды қорғау туралы Қазақстан Республикасының Конституциясындағы баптарын, Қазақстан Республикасы Президентінің бұйрықтары, басқа да Қазақстан Республикасы құқықтық нормативті актілерінде, әскери саясатқа қатысты, қорғаныс пен мемлекет қауыпсіздігін түсіндіруге *қабілетті*;

2.3.3 алғашқы әскери дайындық пәнінен есептік және түптелген құжаттарды, оқушылардың әскери-патриоттық тәрбиесін және білім ордасындағы азаматтық қорғаныс нысандарын әзірлеу және жоспарлауға *қабілетті*;

2.3.4 алғашқы әскери дайындық пәнінен пәнаралық байланысты қамтамасыз ету, түгел сабақ түрлерін және факультативті ұйымдастыруға және жүргізуге *қабілетті*;

2.3.5 мектептің педагогикалық ұжымымен сабақ үстінде және сабақтан тыс уақытта оқушылармен патриоттық тәрбиені бірігіп жүргізуге *қабілетті*;

2.3.6 үлкен және кіші әскери – спорттық ойындарды өзі басқару және әдістемелеу, әскери – спорттық мерекені өткізуге ұйымдастыруға *қабілетті*;

2.3.7 жеткіншектерді іскерлікке, моральды – психологиялық қасиетін, жеке өзгешелігін және спортқа дайындығын, жастар ісі департаментіне жеткіншектерді іріктеу және әскери қызметке дайындауға, әскери – оқу орындарына түсуге *қабілетті*;

2.3.8 әскери педагогиканың және психологияның білімдерін әскери қызмет жағында, жауынгерлік және мемлекеттік – құқықтық дайындықты ұйымдастыруға және өткізуге *қабілетті*.

5B010400 – Бастапқы әскери дайындық мамандығының типтік оқу жоспары

Оқу мерзімі: 4 жыл

Академиялық дәрежесі: 5B010400 – Бастапқы әскери дайындық мамандығы бойынша білім бакалавры

№	Модульдер мен пәндердің атауы	ECTS	Семестр
ЖБПМ 1	Жалпыбілімдік пәндер модулі		
МПК 1.1	Міндетті пәндер компоненті	24	
1.1.01	Тәуелсіз Қазақстан тарихы	3	1
1.1.02	Қазақ (орыс) тілі	4	1
1.1.03	Шетел тілі- В1	4	1
1.1.04	Компьютерлік ғылымдар	4	2
1.1.05	Артбілім	3	1
1.1.06	Экономика және бизнес	3	3
1.1.07	Білім беру философиясы	3	3
КПМ 2	Кәсіптік пәндер модулі		
МПК 2.1	Міндетті пәндер компоненті	60	
2.1.01	Педагогика	5	2
2.1.02	Психология	5	2
2.1.03	Педагогикалық менеджмент	3	4
2.1.04	Педагогикалық риторика	3	3
2.1.05	Инклюзивті білім беру	3	5
2.1.06	Жас ерекшелігі физиологиясы және мектеп гигиенасы	3	1
2.1.07	Зерттеу әдістері	3	3
2.1.08	Шетел тілі–В2	5	2
2.1.09	Практика-1	6	4
2.1.10	Практика-2	9	6
2.1.11	Практика-3	15	8
АПМ 3	Арнайы пәндер модулі	144	
МПК 3.1	Міндетті пәндер компоненті	81	
3.1.01	Мамандыққа кіріспе	5	1
3.1.02	Патриоттық тәрбие негіздері	6	3
3.1.03	Бастапқы әскери дайындық әдістемесі	6	6

3.1.04	Әскери тарихы	5	2
3.1.05	Қазақстан Республикасының аймақтық және ұлттық қауіпсіздік	6	6
3.1.06	Әскери және халықаралық гуманитарлық құқық негізі	5	6
3.1.07	Тактикалық дайындық	5	5
3.1.08	Атыс дайындығы	5	3
3.1.09	Бағалаудың өлшемдік технологиялары	3	4
3.1.10	Жалпы әскери жарғылар	5	1
3.1.11	Саптық дайындық	5	1
3.1.12	Әскери топография	5	3
3.1.13	Азаматтық қорғаныс	6	4
3.1.14	Әскери-медициналық дайындық	6	4
3.1.15	Жауынгерлік қамтамасыз ету негізі	5	5
3.1.16	Кәсіби-бағытталған шетел тілі	3	5
ТПК 3.2	Таңдау пәндер компоненті	63	
4.	Дипломдық жұмыс	12	
	Барлық кредиттер ECTS	240	
	Оқытудың қосымша түрлері		
	Дене тәрбиесі	12	1-4
	Дінтану	3	2
	Мәңгілік ел	3	2

3.3 Модульдер бойынша ұсынылатын таңдау пәндері

№	Пәндердің атауы	ECTS
ТПК 3.2	Таңдау пәндер компоненті	63
3.2.01	Әскери техника мен қару – жарақ тарихы Заманауи армияның техникасы мен қару - жарағы	4
3.2.02	Спорттық және қозғалмалы ойындар Әскери-спорттық ойындарды ұйымдастыру және жүргізу әдістемесі	4
3.2.03	Әскери-қолданбалы және ұлттық спорт түрлері	5

	Мектептегі дене тәрбиесі	
3.2.04	Салыстырмалы педагогика Салыстырмалы әскери педагогика	5
3.2.05	Мектепте денсаулық және қауіпсіздік негіздеріне оқыту теориясы мен әдістемесі Педагогикалық валеология	5
3.2.06	Әлеуметтік психология Қауіпсіздік психологиясы	5
3.2.07	Тәрбие жұмысының әдістемесі Педагогикалық инноватика	5
3.2.08	Әскери кикілжің Әскери саясаттану	5
3.2.09	Экстремалды жағдайлар мен ахуалдардағы тіршілік Денсаулық негіздері және салауатты өмір салты	5
3.2.10	Әскери педагогика негіздері Этнопедагогика	5
3.2.11	Әскери психология негіздері Этнопсихология	5
3.2.12	Білімдегі информациялық-коммутациялық технологиялар БӨД оқытуда ақпараттық- коммутация технологиясы	5
3.2.13	Әскери – ғылыми зерттеулер әдістемесі Әскери тарихы зерттеулер әдістемесі	5